



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз
агенттігінің
Саралау мәселелері жөніндегі
консультациялық кеңес туралы ереже

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КМ
директорының 2015 жылғы
«15» желтоқсандағы № 40-15 –ОД
бұйрығымен бекітілді

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Саралау мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1 Саралау мәселелері жөніндегі консультациялық кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі – АРТА) консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

1.2 Кеңес қызметінің мақсаты саралау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

1.3 Кеңес өз қызметінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы Заңын және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ халықаралық тәуелсіз рейтингтер мәселелерін реттейтін халықаралық құқықтық актілерін, осы Саралау мәселелері жөніндегі кеңес туралы ережені (бұдан әрі – Ереже) басшылыққа алады.

1.4 Кеңес шешімдері АРТА үшін ұсынымдық сипатта болады.

1.5 Кеңес мүшелері өз функцияларын орындауды өтеусіз негізде жүзеге асырады.

1.6 Өндірістік қажеттілік жағдайында АРТА Кеңес мүшелерінің іссапар шығындарын төлей алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен құқықтары

2.1 Кеңестің негізгі міндеттері:

1) саралау жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;

2) саралау барысында туындауы мүмкін критерийлердегі түсініксіздіктерді, дәлсіздіктер мен қайшылықтарды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) саралау бағдарламасына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу бойынша ЖОО өкілдерінің ұсыныстарын қарастыру болып табылады;

2.2 Өз міндеттеріне сәйкес Кеңес:

- 1) Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша АРТА-мен өзара әрекеттесуге;
- 2) АРТА жауапты тұлғаларынан Кеңес міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті, рейтинг бойынша материалдарды сұратуға және алуға;
- 3) белгіленген тәртіпте саралау мәселелері жөнінде сараптамалар мен кеңестерді өткізу үшін шетел мамандарын қатыстыруға;
- 4) Кеңес шешімдерін орындау бойынша тапсырмалар беруге құқылы.

3. Кеңес қызметін ұйымдастыру

3.1 Кеңес құрамы сарапшылар, оның ішінде АРТА шетелдің сарапшылары қатарынан құрылады.

3.2 Кеңес құрамына Кеңес төрағасы, төраға орынбасары және мүшелері кіреді.

3.3 Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі – 5 (бес) жыл.

3.4 Төраға Кеңес мүшелерінің арасынан қарапайым көпшілік дауыспен 5 жыл мерзімге сайланады және АРТА директорының бұйрығымен бекітіледі. Кеңес Төрағасының өкілеттік мерзімі өткеннен кейін сайлау жоғарыда көрсетілген қағидат бойынша жүзеге асырылады. Өз міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда, қазіргі Төрағаның өкілеттік мерзімі Кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен ұзартылуы мүмкін.

3.5 Кеңес Төрағасы оның қызметін басқарады, Кеңес отырыстарында төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды, шешімдерді іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады.

3.6 Кеңес Төрағасы АРТА директорымен келісім бойынша:

- 1) Кеңес қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- 2) Кеңес отырыстарын шақырады және өткізеді;
- 3) Кеңес отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 4) Кеңес отырыстарына қатысу үшін ұйымдар өкілдері мен мүдделі тұлғаларды шақырады;
- 5) Кеңес мүшелері арасында міндеттерін бөліп таратады;
- 6) жұмыс (сарапшы) топтарының құрамдарын қалыптастырады;
- 7) ұйымдармен, оның ішінде мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарда Кеңестің атынан өкілдік етеді;
- 8) Кеңес атынан Кеңес хаттамаларына, шешімдеріне, есептеріне және өзге құжаттарына қол қояды;
- 9) Кеңес отырыстарын өткізу уақыты мен орнын белгілейді (келісім бойынша);
- 10) Кеңес қызметінің шеңберінде оның мүшелеріне тапсырмалар береді;
- 11) Кеңес шешімдері орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 12) Кеңес қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті, өзге функцияларды

жүзеге асырады.

3.7 Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімдері, әдетте, бір мерзімге 5 (бес) жылдан аспайды, бірақ олар бір реттен аспайтын жаңа мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

3.8 Кеңес мүшелері жазбаша өтініш негізінде өз қалауы бойынша кеңестен шыға алады немесе Кеңестің шешімі немесе АРТА директорының бұйрығымен Кеңес құрамынан шығарылуы мүмкін. Кеңестің мұндай мүшесінің өкілеттігі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

3.9 Кеңес мүшесі 5 (бестен) артық отырысты дәлелсіз себеппен өткізіп алған жағдайда, АРТА директоры осы мүшені шығару құқығын өзіне қалдырады.

3.10 Кеңес құрамына жаңа мүшені АРТА директорының бұйрығы негізінде енгізеді.

3.11 Кеңес үшін әкімшілік қолдауды АРТА директорының бұйрығымен бекітілетін, АРТА қызметкері қамтамасыз етеді.

3.12 Хатшы Кеңес отырыстарын ұйымдастырушылық-техникалық дайындауды қамтамасыз етеді, оның ішінде Кеңесте қарау үшін материалдардың уақтылы ұсынылуына бақылауды жүзеге асырады, отырыстардың күн тәртібін, хаттамаларды (шешімдерді) дайындауды жүзеге асырады, Кеңес мүшелеріне отырыстың өткізілетін орны мен уақыты туралы хабарлайды, Төрағаның тапсырмаларын және Кеңес жұмысы жөніндегі басқа да әкімшілік функцияларды орындайды.

3.13 Кеңес мүшелері өз ұйымдарын ұсынбайды және тәуелсіз сарапшылар ретінде әрекет етеді.

3.14 Кеңес құрамы және оған кез-келген өзгерістер, толықтырулар АРТА директорының бұйрығымен бекітіледі.

4. Кеңес отырыстары

4.1 Кеңес өз қызметін отырыстар форматында өткізеді.

4.2 Кеңес мүшелері отырыс жұмысына онлайн режимде (бейнеконференция, бейне-қоңырау, Skype және т.б.) қатыса алады. Қашықтықтан қатысу кеңес отырысына нақты қатысумен теңестіріледі.

4.3 Кеңес отырысын Төраға басқарады.

4.4 Кеңес отырысы кворум болған жағдайда қажеттілігіне қарай жылына кемінде екі рет өткізіледі.

4.5 Отырысты кеңес төрағасы шақырады. Кеңес хатшысы Кеңес мүшелеріне отырыс өткізудің жоспарланған күніне дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей өткізілетін орны, күн тәртібі және басқа да тиісті материалдар туралы хабарлама жібереді.

4.6 Кеңес отырысы Төрағаны қоса алғанда, Кеңестің жалпы құрамының 2/3-і болған кезде кворумға жетті деп есептеледі.

4.7 Егер кворумға қол жеткізу мүмкін болмаса, Төраға бір апта ішінде

кезекті отырысты шақырады.

4.8 Кеңеске қатысу ерікті болып табылады.

4.9 Шұғыл отырыстарды Кеңес Төрағасы тәулік ішінде шақырады.

4.10 Кеңес отырыстары бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ Кеңес мүшелері болып табылмайтын мүдделі адамдарды шақыра отырып өткізілуі мүмкін.

4.11 Шақырылған тұлғалар тізімін Кеңес төрағасы белгілейді.

4.12 Қаралған мәселелер бойынша Кеңестің ұсынымдық сипаттағы шешімдері ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен (қатысушылардың, оның ішінде онлайн режимдегі кеңестің жұмысына қатысушылардың санынан) қабылданады.

4.13 Дауыстар тең болған жағдайда, Төраға шешуші дауыс беруге құқылы.

4.14 Отырысты жүргізу тәртібі, мәселелер мен талқылаулар хатшы жасайтын Кеңес отырыстарының хаттамасында көрсетіледі.

4.15 Отырыстардың қағаз жеткізгіштердегі хаттамаларына Кеңес Төрағасы мен хатшысы қол қояды, АРТА құжаттамаларында сақталады.

Хатшы Кеңес отырысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

4.16 Кеңес хатшысы отырыс хаттамаларының электрондық көшірмелерін өткізілген отырыстан кейін екі апта ішінде Кеңестің барлық мүшелеріне жіберуге тиіс.

5. Есепке алу және есептілік

5.1 Кеңес өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті АРТА директорына ұсынады.

6. Кеңесті қайта ұйымдастыру және тарату

6.1 Осы ережені өзгерту туралы шешімді АРТА директоры қабылдайды.

6.2 Кеңесті қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді АРТА директоры қабылдайды және тиісті бұйрықпен ресімделеді.

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КМ
 директорының 2015 жылғы
 «15» желтоқсандағы № 40-15 –ОД
 бұйрығына қосымша

**Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің
 Саралау мәселелері жөніндегі консультациялық кеңестің құрамы**

	Аты-жөні	Қосымша мәлімет
Төраға	Қуанышбек Шүнкейұлы Шүнкеев, физика-математика ғылымдарының профессоры, докторы,	Қазақстан Республикасының Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің бірінші проректоры
Төрағаның орынбасары	Ольга Алексеевна Яновская, экономика ғылымдарының докторы, профессор	АРТА кеңесшісі
Кеңес мүшелері	Алмагүл Құлтұманова, Жабатайқызы әлеуметтік ғылымдар магистрі/политология	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының басшысы
	Сайфиддин Давлатзода, Хайридин биология ғылымдарының докторы, профессор	Тәжікстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің орынбасары, Тәжікстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі
	Миталип Мұратұлы Тайиров физика-математика ғылымдарының докторы	Қырғыз Республикасы Баткен мемлекеттік университетінің профессоры
	Азат Ержігітұлы Тенгебаев	Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің 1 курс магистранты